

## Диссертациялық кеңес жұмысының ЕСЕБІ

1. «8D023 – Тілдер және әдебиет» кадрларды даярлау бағытындағы «6D021200 – Түркітану» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес 2020 жылы диссертациялық жұмысты қорғау бойынша 3 мәжіліс өткізді.
2. Қатыспаған Диссертациялық кеңес мүшелері болған жоқ.
3. Білім беру мекемесі көрсетілген докторанттардың тізімі

| № | Т.А.Ж.                          | Білім беру мекемесі       |
|---|---------------------------------|---------------------------|
| 1 | Алашбаева Жанна Нурлановна      | Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ |
| 2 | Усипбаева Перизат Сагинбековна  | Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ |
| 3 | Кадримбетова Назгуль Нуржановна | Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ |

4. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «8D023 – Тілдер және әдебиет» кадрларды даярлау бағытындағы «6D021200 – Түркітану» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесте ағымдағы жылы келесідей тақырыптардағы диссертациялық жұмыстар қорғалды:

- ізденуші Алашбаева Жанна Нурлановнаның «Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі паремиологиялық жүйе» тақырыбындағы диссертациясы;
- ізденуші Усипбаева Перизат Сагинбековнаның «Түркі халықтарының қаһармандық дастандарындағы үйлену салтының бейнеленуі» тақырыбындағы диссертациясы;
- ізденуші Кадримбетова Назгуль Нуржановнаның «Тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау: қазақстандық модель» тақырыбындағы диссертациясы.

*1) қарастырылған жұмыстардың тақырыптарына талдау*

а) ізденуші Алашбаева Жанна Нурлановнаның «Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі паремиологиялық жүйе» тақырыбындағы диссертациясы орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері мәтіндеріндегі мақал-мәтелдердің қалыптасу факторлары мен уәждері негізінде XI-XII ғасыр түркілері тіліндегі паремиологиялық жүйенің ерекшеліктерін, қазақ мақал-мәтелдері мазмұнымен этномәдени сабақтастық деңгейін салыстырмалы зерттеу жүргізілген. XI-XII ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі мақал-мәтелдер жүйелі паремиологиялық құбылыс ретінде алғаш рет арнайы зерттеліп, Ж. Баласағұни, М.Қашқари, А. Йүгнеки, А. Йасауи шығармалары тіліндегі мақал-мәтелдер толық тізімделген, XI-XII ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі паремиологиялық жүйенің лексикалық-тақырыптық топтары нақтыланып, орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі мақал-мәтелдердің қалыптасуына негіз болған паремиологиялық мағынаның уәждері анықталған.

ә) ізденуші Усипбаева Перизат Сагинбековнаның «Түркі халықтарының қаһармандық дастандарындағы үйлену салтының бейнеленуі» тақырыбындағы диссертациясы түркі халықтарының (соның ішінде қазақ халқының) батырлық эпосындағы үйлену тойының жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін түркі халықтарының мотивтерінің типологиясы негізінде салыстырмалы түрде зерттеу, олардың қазіргі түркі халықтарының этномәдениетімен байланыстырып, мәнін ашуға бағытталған. Түркі халықтарының (қырғыз, қарақалпақ, татар, ноғай, әзірбайжан, түрік, тува, якут) батырлық эпосын зерттеу. Қазақ халқы фольклордағы патриоттық поэзияның жанры ретінде эпостың түрлерін (арахалық, классикалық-қаһармандық және лирикалық және т.б.) қарастырылып, эпостағы үйлену тойларының олардың тарихи дамуындағы мәртебесін ашылған, Түркі халықтарының қаһармандық дастандарда кездесетін әйел бейнесін отбасы сақтаушысы ретінде, ер-азаматтың серігі ақылшысы ретінде қарастырып, сонымен қатар батырлардың түркі халықтары мәдениетіндегі ерліктері мен жетістіктерінің басты мотиві ретінде қарастырады.

б) ізденуші Кадримбетова Назгуль Нуржановнаның «Тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау: қазақстандық модель» тақырыбындағы диссертациясы мемлекет территориясын геомәдени брендтеу аясында тарихи-мәдени мұраны сақтау мен игерудің қазақстандық интегралдық моделін айқындау және талдау аспектілері жүзеге асырылған. Осы негізде тарихи-мәдени мұраны зерттеудің категориялық-ұғымдық аппараты анықталып, идеологиялық генезис және практикалық тұрғысынан тарихи-мәдени мұраның құндылық сипаттары ажыратылған, республикалық және өңірлік деңгейлерде тарихи-мәдени мұраны басқару, қорғау, пайдалану және танымал ету саласындағы Қазақстан Республикасы мәдени саясатының құралдарын, функциялары мен ұлттық басымдықтары айқындалып, мәдениет саласындағы мемлекеттік стратегиялық бағдарламалардың іске асырылу қорытындылары талданған, мемлекеттік, кәсіби және қоғамдық құрылымдардың өзара іс-қимыл мәселелері талданып, тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуы мен игерілуінің қазақстандық интегралдық моделі әзірленген.

2) *диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық мақсатты және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «8D023 – Тілдер және әдебиет» кадрларды даярлау бағытындағы «6D021200 – Түркітану» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесінде қорғалған бес диссертациялық жұмыстың барлығы ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық мақсатты және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы жоғары.

3) *қарастырылған жұмыстардың ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейіне, нақты жұмыстар нәтижелерін кеңінен енгізу жөніндегі ұсыныстарға талдау*

а) ізденуші Алашбаева Жанна Нурлановнаның зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерін түркі тіл білімінің тарихи лексикология, паремиология салаларының теориялық негіздерін жетілдіруге үлес қосады. Ғылыми зерттеудің нәтижелері мен материалдарын қазақ филологиясы, түркітану мамандығы бойынша оқу құралдарын әзірлеуде, тарихи-паремиологиялық сөздіктер құрастыруда қолдануға болады

ә) ) ізденуші Усипбаева Перизат Сагинбековнаның зерттеу нәтижелері қазақ және түркі эпосының түрлі жанрларын басқа да түркі халықтары эпостарының үлгілерімен салыстырмалы зерттеу жасауда өте маңызды принциптік мағынаны сипаттайды. Жұмыс нәтижелерін жоғары оқу орындары студенттеріне арналған фольклортану саласы бойынша элективті курстар мен семинар сабақтар жүргізгенде кеңінен пайдалануға болады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін фольклортанушыларға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттері мен магистранттарға қажетті теориялық-практикалық көмекші құрал ретінде ұсынуға болады.

б) ізденуші Кадримбетова Назгуль Нуржановнаның зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы ондағы материалдар мен тұжырымдар Мемлекеттік мәдени саясатты, оның ішінде тарихи-мәдени мұраны сақтау, қорғау және игеру мәселелерін зерделеумен байланысты проблемалар шеңберін одан әрі дамытуға негіз болады. Зерттеу материалдары мен тұжырымдары тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау саласында, мәдениет саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда, туризмде салысында және мәдениеттану, ескерткіштану және түркітану бағытындағы мамандар даярлауда пайдалануға болады.

5. Рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып)

- *ізденуші Алашбаева Жанна Нурлановнаның рецензенттері:*

Досжан Райхангүл Абдуғалиқызы – филология ғылымдарының докторы, Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті Экономика және педагогика факультеті Тілдер кафедрасының профессоры;

Байтелиева Жанар Дарибековна – филология ғылымдарының кандидаты, Назарбаев Университеті Қазақ тілі және түркітану кафедрасы, Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебінің ассистент профессоры.

Рецензенттер аталған сала бойынша жетекші мамандар болып есептеледі, жарияланым сандарының толыққандылығымен ерекшеленеді. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға, ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және «Дәрежелер беру қағидаларына» сәйкес екендігін көрсетеді.

- *ізденуші Усипбаева Перизат Сагинбековнаның рецензенттері:*

Рахимов Берік Серікбайұлы – филология ғылымдарының докторы, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры;  
Қорабай Серікқазы Сыбанбайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Абайтану және жаңа дәуір әдебиеті бөлімінің меңгерушісі.

Рецензенттер аталған сала бойынша жетекші мамандар болып есептеледі, жарияланым сандарының толыққандылығымен ерекшеленеді. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға, ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және «Дәрежелер беру қағидаларына» сәйкес екендігін көрсетеді.

- *ізденуші Кадримбетова Назгуль Нуржановнаның рецензенттері:*

Ыбраева Ақмарал Ғосманқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Басқарма Төрағасы-Ректордың кеңесшісі;  
Бөгенбаев Нұрболат Ерденұлы – Түркітану мамандығы бойынша философия докторы (PhD), Халықаралық Түркі Академиясының сарапшысы.

Рецензенттер аталған сала бойынша жетекші мамандар болып есептеледі, жарияланым сандарының толыққандылығымен ерекшеленеді. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға, ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және «Дәрежелер беру қағидаларына» сәйкес екендігін көрсетеді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «8D023 – Тілдер және әдебиет» кадрларды даярлау бағытындағы «6D021200 – Түркітану» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2019 жылғы 18 желтоқсандағы «Диссертациялық кеңес туралы» үлгі ережені басшылыққа алады.

7. «8D023 – Тілдер және әдебиет» кадрларды даярлау бағытындағы «6D021200 – Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне қаралған диссертациялар туралы деректер:

- 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде өзге ЖОО докторанттарынан) – 3;
- 2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде өзге ЖОО докторанттарынан) – жоқ;
- 3) рецензенттерінен теріс пікір алынған диссертациялар (оның ішінде өзге ЖОО докторанттарынан) – жоқ;
- 4) қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде өзге ЖОО докторанттарынан) – жоқ.

Диссертациялық кеңес  
төрағасы



Ш. Ибраев

Диссертациялық кеңестің  
ғалым хатшысы



А.М. Азмуханова

30.12.2021 ж.